

## Экономикалық саясат жөніндегі кеңес туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 7 сәуір N 467. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.25. N 202 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы N 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 101 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Экономикалық саясат жөніндегі кеңес туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 7 сәуірдегі  
N 467 қаулысымен  
бекітілген

## **Экономикалық саясат жөніндегі кеңес туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Экономикалық саясат жөніндегі кеңес (бұдан әрі - ЭСК) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясат мәселелері жөнінде ұсыныстар дайындайды.

2. ЭСК өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын және осы Ережені басшылыққа алады.

### **2. ЭСК міндеттері**

3. ЭСК негізгі міндеттері:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын әзірлеуге және іске асыруға келісілген амалдар дайындау;

2) орта және ұзақ мерзімді перспективаға экономика және әлеуметтік сала дамуының қағидатты маңызды мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау;

3) экономикада дағдарысты құбылыстардың туындауының алдын алу немесе олардың мүмкін зардабын жұмсарту жөнінде ұсынымдар дайындау.

### **3. ЭСК функциялары**

4. ЭСК қойылған міндеттерге сәйкес мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады :

1) орта және ұзақ мерзімді перспективаға әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарын талқылайды;

2) экономиканың нақты, қаржы және әлеуметтік секторлары саласында мемлекеттің келісімді саясатын жүргізу жөніндегі ұсыныстарды қарайды.

3) ішкі және сыртқы жәйттердің әсерінен туған ел экономикасындағы дағдарысты құбылыстардың туындау себептерін және оларды болдырмаудың немесе өткерудің мейлінше лайықты шараларын талқылайды;

4) әлеуметтік сала, қаржы секторы және экономика салалары дамуының тұжырымдамалары, мемлекеттік және салалық бағдарламалары жобаларын талқылайды ;

5) ЭСК кезекті мәжілісінің күн тәртібіне енгізілетін өзге де мәселелерді қарайды.

#### **4. ЭСК құқықтары**

5. ЭСК-нің заңдарда белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шеңберінде:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардан және өзге мемлекеттік органдардан қажетті ақпарат сұратып алуға;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде ЭСК мақұлдаған мәселелерді қарау жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ұсыныстар енгізуге ;

3) Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне әлеуметтік-экономикалық дамудың көкейкесті проблемаларын шешу жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;

4) өз мәжілістеріне ел ұйымдарының басшыларын, ғалымдарды, мамандарды, отандық және шетелдік консультанттарды шақыруға;

5) қаралатын мәселелер бойынша ұсыныстық сипатқа ие тиісті шешімдер қабылдауға құқығы бар.

#### **5. ЭСК жұмысын ұйымдастыру**

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен ЭСК және оның жеке құрамы құрылады және таратылады.

7. ЭСК ұйымдық құрылымы :

1) ЭСК басшысы ;

2) ЭСК басшысының орынбасары;

3) ЭСК мүшелері ;

4) жұмыс органы .

8. ЭСК басшысы оның қызметіне басшылық жасайды, ЭСК мәжілістерінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, ЭСК жүзеге асыратын қызмет үшін жауапты болады. ЭСК басшысы болмаған уақытта оның функциясын

о р ы н б а с а р ы

о р ы н д а й д ы .

9. ЭСК мәжілістері оның мүшелерінің ең кемі жартысы болған ретте қажеттілігіне қарай бірақ, тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

10. ЭСК кезекті мәжілісінің күн тәртібін Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларына сәйкес, сондай-ақ ЭСК мүшелерінің ұсыныстары бойынша оның басшысы жасайды.

11. ЭСК шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға ЭСК мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда ЭСК басшысы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

12. ЭСК мәжілістерінің күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелерін ЭСК әрбір мүшесі (ЭСК мәжілісіне қатысушы) дауыс беру парағына енгізуге тиіс. Мәжіліс аяқталысымен ЭСК мүшелері дауыс беру парақтарын хаттама дайындау кезінде есепке алу үшін төрағалық етушіге өткізуге тиіс.

Төрағалық етуші қалыптасқан жағдайды негізге ала отырып, ЭСК шешімін хаттамалық ресімдеудің орындылығын айқындайды.

13. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі ЭСК-нің жұмыс органы болып табылады.

14. Күн тәртібіне сәйкес ЭСК мәжілістеріне материалдар дайындау, және оларды ЭСК мүшелеріне тарату, ЭСК мәжілістерінің қорытындылары бойынша хаттамалар дайындау жұмыс органының функциялары болып табылады.